

такое положение дел обусловлено недостаточной разработанностью информационной поддержки исследовательской деятельности учащихся и деятельности сопровождающих её педагогов.

Разрешением такого противоречия может стать разработка системы информационной поддержки исследовательской деятельности учащихся.

Виртуальное моделирование в процессе работы творческой лаборатории библиотеки, лаборатории, музея, природных территорий в исследовательской деятельности учащихся создаёт условия для умственных исследовательских действий, развивает исследовательское мышление, обеспечивает приобретение учащимися опыта исследовательской деятельности в обучении без существенных временных затрат и при незначительных организационных и материальных вложениях.

Список литературы

1. Львова Ю.Л. Творческая лаборатория учителя. — М.: Просвещение, 1992. — 224 с.
2. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации: Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Ваша газета. — 2005. — 26 февр. — С. 9–12.
3. «Школа 2000...» Концепция и программы непрерывных курсов для общеобразовательной школы / Под ред. А.А.Леонтьева. — М.: Баланд, «С-инфо», 1997. — 208 с.
4. Ларин А.Е. Воспитание творческой активности учащихся ПТУ — М.: Высш. шк. — 1990. — 206 с.
5. Эсаулов А.Ф. Активизация учебно-познавательной деятельности студентов. — М.: Высш. шк. — 1982. — 223 с.

ЭОЖ 378. 013:420

Болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерінің шығармашылық қабілетін қалыптастыру

Беркімбаев К.М., Нышанова С.Т.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан

В статье рассматриваются вопросы формирования творческих способностей будущих учителей иностранного языка. Авторами сделана попытка раскрыть сущность понятий «способность», «творческая способность», которая даёт будущим специалистам возможность развития и совершенствования навыков и умений иноязычной речи, а также повышения уровня владения общением, в том числе и педагогическим. В статье также описаны технологии использования различных методов обучения при изучении иностранного языка.

In article it is considered questions of formation of creative capacities of the future teachers of foreign language. Authors make attempt to open essence of concepts «capacity», «creative capacity» which enables the future experts of progress and perfection of skills and skills of speaking another language speech, as well as increase of a level of possession by dialogue including pedagogical. Also technologies of use of various methods of training are described at studying foreign language.

Білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Демек, жаңаша білім беру — жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Жоғары оқу орындарында маман даярлау үдерісінде шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болып табылады. Мұның өзі шетел тілін мектептерде пән ретінде оқытудың дәрежесін жоғарылатады. Қоғамдық құрылыстың барлық құрылымдары дамушы

жүйе ретінде қарастырылғандықтан, олардың құраушыларының өзара байланысы, өзгерісі басқа элементтерге ықпалын тигізеді. Қоғамдық прогреске сәйкес білім беру мазмұны өзгерістер мен толықтыруларға ұшырайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жалпы орта білім беретін мекемелердің басты міндеттері тек жоғары дәрежелі, сапалы білім беру ғана емес, сондай-ақ ұлттық және әлемдік мәдениетке сай тәрбиеленген, еркін әрі қажырлы іс-әрекет ететін, жан-жақты ойлай алатын тұлға қалыптастыру болып табылады.

Тіл адамның өзін қоршаған әлемде дұрыс бағыт-бағдар тауып, әлеуметтік тәжірибелер жинақтап, оны басқаға үйретуіне, өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Тілді меңгеру әркімнің жеке басына, мамандығына, әлеуметтік жағдайына қажет болуымен қатар, оның өз ана тілімен бірге кең ауқымды іс-әрекет етуіне жол ашады, жағдай жасайды. Мұндай жағдайда шетел тілдерін үйрету адамға оның өзінің жеке бас тәжірибесінен тыс жатқан мәдениетіне жол ашып, түрлі мәдениеттерінің өзара байи түсуіне себеп болады.

Біз өмір сүріп отырған ортада еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін шет тілдерін үйретуге көп көңіл бөлуде. Әсіресе балалар өз ана тілінен басқа шет тілін білуге, болашақта шет тілі маманы болуға, шет елдерге саяхат жасауға құмар.

Қазіргі ақпарат ағынының ауқымды кезеңі, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістер білім беру жүйесіне де өзіндік ықпал етуде. Білім берудің жоғары деңгейін үнемі өзгеріп жатқан кезеңде оны сақтауды қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» жарық көргені баршаға аян.

Білім беру жүйесінің құрылымдық элементтерінің барлығында білім деңгейін көтеру, оқытуды өмірмен ұштастыру жоғары сыныптарда жастарды өмірге даярлау мәселесі кең көлемде қарастырылуда [1].

Білім берудегі өзгерістерге жас ұрпақтың үш тілді (қазақ, орыс және шетел тілін) оқып үйренудің көрсетілуін жатқызуға болады. Тілдерді оқу «Білім туралы» заңның 5-бабында («Оқыту және тәрбиелеу тілі»): «...қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс», — деп көрсетілген.

Осы жөнінде «Тілдік қарым-қатынас-мәдениет айнасы» тақырыбындағы мақаласында Ж.Күлекеев тілдерді оқытудағы кемшіліктерді айта келе, шет тілі туралы: «Қазақстандық жас ұрпақтың білуі міндетті, үшінші тіл — шетел тілі. Өкініштісі, біздің мектеп бітірушілер шетел тілінде еркін сөйлей алмайды», — деп шетел тілін игерудегі минимум деңгейдің тілдік қарым-қатынасқа сәйкес болуы туралы айтқанымен келісуге болады [2].

Тілдерді оқыту жөнінде баспа беттерінде де аз айтылып, кем пікірталастар ұйымдастырылып жатқан жоқ. Сонымен қатар үлгі боларлық оқу процесін ұйымдастыру туралы да айтуымыз қажет.

Шетел тілі мұғалімі бірнеше елдің тілін меңгерген және өз елінің азаматы мен жоғарғы моральді адам болуы тиіс. Ол шетел тілінде сөйлеу, оқу, жазу, өзін-өзі сабақ үстінде ұстау жағынан оқушыларға үлгі болуға міндетті.

Мұғалім лингвистикалық білім мен мәдениет жайлы ғылымдар саласындағы жаңалықтарды өз практикасында қолдану арқылы сабақ сапасын артыруға күш салады. Техникалық құралдарды, түрлі көрнекіліктерді жетік меңгере отырып, оларды күнделікті жұмысында шебер пайдаланады.

Әрине, шетел тілдерін тек арнайы пәнмен ғана шектеу нәтиже беруі қиын. Сондықтан да сыныптан тыс оқушылардың шұғылданыстарында да қолданыс тапқаны дұрыс деп білеміз. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының да шетел тіліне деген қызығушылықтарын ояғанын практикадан көруге болады. Оның ішінде ағылшын тіліне. Жоғары оқу орындарында да конкурстық өтпелі балдың шетел тілдері мамандары мен шетел тілдерін оқытатын мұғалімдерді даярлайтын мамандықтар үшін де жоғары болғаны, шетел тілдерін оқытудың алға басқанын көруге болады. Мұғалім оқушымен оқу процесін ұйымдастырады, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынаста болады. Сондықтан да бұл мұғалім еңбегінің нәтижелі болуының кепілі. Педагогикалық қабілет пен мінез-құлық қасиеттері мектептегі кезден-ақ біртіндеп көріне бастайды да, шетел тілдерін оқытатын мұғалімдерді даярлайтын педагогикалық жоғары оқумен дамытылады.

Білім берудің мазмұнын модернизациялау, педагог-мамандарды даярлаудың мазмұны мен құрылымын саралап қайта ой-елегінен өткізу оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатуды, болашақ мамандардың жан-жақты дамуына жағдай жасауды көздейді.

Қабілет түрлері шетел тілін оқытатын мұғалімдер үшін маңызы жоғары. Мәселен, дидактикалық қабілет — мұғалімнің оқушыға шетел тілі бойынша оқу материалын жеткізуді оқушының білім

дәрежесін, іскерлігін, дағдысын дұрыс анықтай білуді, өз пәніне қызығушылығын арттыруды, таным белсенділігі мен ойын дамытуды жүзеге асырады. Ал, академиялық қабілет — мұғалімнің пән саласы (шетел тілдері) бойынша білімінің болуын, мұғалімнің шетел тілдері бойынша ғылыми жұмыстармен шұғылдануын, яғни өз бетімен қарапайым зерттеу жұмыстарын жүрізуін талап етеді. Сөйлеу (экспрессивті) қабілеті шетел тілі оқытатын пән мұғалімі үшін өте қажет.

«Шығармашылық қабілет» ұғымы жалпы «қабілеттілік» ұғымынан оның дербес біртектес бір түрін — шығармашылық қабілетті іріктеу үдерісінде «шығармашылық» пен «қабілет» ұғымдарын синтездеу нәтижесінде құрылады.

Шетел тілінде мұғалім өз ойын, ішкі сезімін нақты, түсінікті етіп жеткізе білу керек. Пән мұғалімінің ұйымдастырушылық қабілеті оқушыларды сабақты тыңдауға, білімді қабылдауға оқушыларды әзірлеуді, ұжымды дұрыс басқаруды орынды жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Шетел тілдерін оқытатын пән мұғалімі үшін коммуникативті қабілеттің орны ерекше. Аталмыш қабілет оқушылармен қалыпты, дұрыс қарым-қатынас жасай білуді, оқушылармен қарым-қатынас жасауды педагогикалық әдептілік тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Шетел тілін оқытатын мұғалім үшін зерттеушілік іскерлік қажет етіледі. Ол бойынша пән мұғалімінің даярлығы жоғары оқу орындарында қалыптастырылады. Аталмыш қабілеттің негізінде шетел тілін оқытатын мектеп мұғалімі әрбір педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды, ғылыми болжам жасауды, жобалау және эксперимент жүргізуді жоспарлауды, сонымен қатар мұғалім озат тәжірибені де өзінің тәжірибесінде жинақтауды, оларға теориялық-практикалық негізде талдау жасауды және мектеп өміріне ендіруді жүзеге асыра алады.

Мектептегі пән мұғалімдеріне тән білім мен іскерліктерден басқа шетел тілі пән мұғалімдері педагогикалық-кәсіптік қасиеттерге ие болуы тиіс. Оған жататындар: баланы жақсы көруі, педагогикалық еңбекке қызығуы, психологиялық-педагогикалық сезгіштігі, байқағыштығы, әділдігі, талап қоя білушілігі, табандылығы, ұстамдылығы, өзін-өзі басқара білуі, қайырымдылығы.

Шетел тілдерін мектепке оқытуды міндетті етіп қою, заман талабынан, объективтік себептерден туындап отырғанын көреміз. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында сала бойынша пән мұғалімдерін даярлаудың сапасын жетілдіруді талап етеді.

Педагогикалық әдебиеттерде мұғалім еңбегінің ерекшеліктері анықталады. Мұғалім еңбегінің объектісі жансыз дүние емес, құрал-жабдық өндірісі де емес, өте күрделі, қарама-қайшылықты әрі нәзік тірі организм, жас ұрпақтың рухани дүниесі болып табылады. Мұғалімде педагогикалық қабілет пен бейімділіктің бары — оның еңбегінің нәтижелі болуының кепілі.

Қазіргі таңда мектептің барлық пән мұғалімдеріне талап күшеюде. Жаңа формация мұғалімдеріне төмендегідей талаптарды қойылып тұр: кәсіптік іс-әрекеттің жаңа әдіснамасын және технологиясын игеру; демократиялық идеяларды тасымалдаушы ретінде педагогтың жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру; жаңа талаптар жағдайында (оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мен білімі) оқытуға және ұдайы өзіндік білім алумен шұғылдануға даярлығын қалыптастыру; өзіндік және жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті педагогтік жеке тұлғаны қалыптастыру — деп, атап көрсетеді [3].

Педагогика саласындағы ғалымдар атап көрсеткен педагогтың жеке тұлғалық кәсіптік сапасы шетел тілі пәні мұғалімдері үшін де ортақ болып табылады. Олар: кәсіптік бағыттылық (қызығушылық, принциптік, әділдік, көпшілдік, талап етушілік, кәсіптік жұмысқа қабілеттілік, іскерлік т.б.); тәртіптілік (орындаушылық, еңбектік, кәсіптік); кәсіптік құзыреттілік (кәсіптік қабілет деңгейі, негізгі білімі, іскерліктің қалыптасу деңгейі); танымдық бағыттылығы: ғылыми эрудициясы; рухани; интеллектуалды белсенділігі.

Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартында «Шетел тілі» мамандығы бойынша бітірушілерді даярлау деңгейіне арнайы пәндер бойынша қойылатын талаптар мыналар: негізгі мектептің шетел тілі мұғалімі тікелей қарым-қатынас, магниттік таспаларға жазылған сөздерді лексикалық, грамматикалық тұрғыдан дұрыс ұғынуды, тақырып бойынша өткен материалдарды, суреттер мен диафильмдерді мазмұнды түсіндіруге, мәтіндерді түсініп, қайта жаңғыртып айтуды, сөйлеу қарым-қатынасында, сөйлеу этикасының негізгі формулаларын білу және дұрыс қолдана алу, сұрақтан, жауаптан немесе хабар және сұрақтан тұратын репликаларды, диалогтарды қолдана алуды, таныс қарым-қатынас тақырыбындағы жағдайларға диалог жүргізе білу, болашақ мамандық тақырыбына байланысты әңгіме құруды, ауызша және жазбаша формада берілген ақпараттарды жоспарға мәлімдеме жасау, берілген тақырыпқа баяндама жасау, шетел тілінде дыбыстаудың артикуляция базасын, грамматика білімін оқыту үрдісінде коммуникативті мақсатқа

пайдалануға, оқылатын тілдің өмірде қолданысын оқушылардың жалпы лингвистикалық дамуы мен эволюциясын түсіндіруге оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін шыңдап, жаңашылдығын жандандыруды пайдалана білу т.б. Осы талаптарды және оқытудың мақсаттарын қатерге ала отырып, әдістемедегі ең үздік, алдыңғы қатарлы бағыт деп коммуникативті бағытты айтамыз. Бұл дегеніміз — оқушылардың шетел тілінен қалыптастырылатын білік, дағдысымен бірге, қатар жүріп отыруы тиіс деген сөз.

Берілетін білім мазмұнын жаңалауда жаңа амалдар, стандарттар, оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдар, тағы басқа даярлау барысында мынадай кезеңдерді ескеруіміз қажет: қоғам мен жеке тұлғаның әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен әлемдегі үрдістер ауқымындағы нақты қажеттіліктерін анықтау; жалпы проблемалар мен білім беру жүйесінің жағдайын талдау; жаңа мақсаттар қою; мектеп компонентін ескере отырып, білім мазмұнын сұрыптап алу; материалдарды оқуды ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді белгілеу; оқушының автономдылығын арттыра отырып, мұғалім мен оқушының алар орнын нақтылау; бақылау жұмыстарының жаңа мазмұны мен түрін дайындау.

Сондай-ақ білім мазмұнын жаңалауда ұстаз үшін мынадай базалық қарама-қайшылықтарды шешудің жолдарын іздеу қажеттілігі туындайды: жалпы мен жалқының арақатынасы; ұлттық салт-дәстүрлер мен заман талабына сай әлемдік көріністер; ақпарат хабарлардың өсуі мен оны меңгеру қабілеті.

Мұғалімнің іс-әрекеттік құрылымы оның негізгі атқаруға тиіс қызметтері: конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік (қарым-қатынастық), ақпараттық, дамытушылық, бағдарлық, мобилизациялық, ізденушілік, техникалық, т.с.с. анықталса, жеке тұлғалық сипаттағы, оның білімдеріне: идеологиялық, социологиялық, өнегелік, психологиялық, педагогикалық, жаратылыстану ғылымы, техника-технологиялық, экономикалық, демографиялық, құқықтық, эстетикалық, жалпы мәдени, ұйымдастырушылық салалар қатысты; біліктіліктері мен дағдыларына: интеллектуалдық (талдау, жинақтау, салыстыру, топтау, жүйелеу т.б.), педагогикалық, жалпы кәсіптік (еңбектік) іс-әрекеттері қатысты болып табылады [4].

Бұрын шетел тілінен білім беруге баса көңіл бөлінсе, қазіргі кезде алған білімін өмірде іс жүзінде қолдана алу, пайдалануға қажетті білік пен дағдыларсыз жалаң білім алып, білу ғана жеткіліксіз екендігіне баса назар аударылуда. Жеке тұлғаның мәнді іс-әрекетті процесін ескере отырып, білім беру көзделуде.

Шетел тілінен мектеп қабырғасында білім беру мен білікті ғана емес, оқушының күнделікті өмірде керекті, қоғамдық ортада керек болатын біліктігін қалыптастыру — тіл үйретудің мақсатына айналды.

Осыған орай Еуропалық кеңес кез келген мамандарға қажетті деген бес білікті белгілеп отыр:

1. Өзіне жауапкершілікті ала алатын, өз бетімен шешім қабылдауға шамасы келетін, демократиялық институттардың жұмыс істеп, дамуына атсалысатын саяси және әлеуметтік білік.

2. Қоғамда басқа ұлттар өкілімен, оның мәдениетімен, дінімен түсіністікте қатар өмір сүре алатын, ұлтқа, нәсілге бөле бермейтін, кемсітушіліктің бас көтеруін төзбейтін көп мәдениетті қоғамда өмір сүру білігі.

3. Қоғамдық өмірде және жұмыста қажетті тілідерді ауызша және жазбаша түрде меңгеру білігі. Яғни, қоғам қазір әр адамның, әр маманның бірнеше тіл білуін талап етуде.

4. Қоғамдық ақпараттардың пайда болуына байланысты біліктер жаңа технологияларды меңгеріп, олардың тиімді және тиімсіз жақтарын білу, ақпараттарға, Интернет хабарларына, жарнамаларға сыни көзқараспен қарай алу білігі.

5. Өмір бойы тек қана өз мамандығы бойынша ғана емес, сондай-ақ қоғамдық және жеке бас өмірінде де үнемі оқу, үйрену білігі.

Осы аталған біліктер қалыптасу үшін: пәнді оқытуды неғұрлым проблемаға бағытталған ету; оқытуда рефлексивті жолды, тәсілді кең қолдану; тіл үйренушілерді қойылған сұрақтарға жауап бере қана қоймай, курс бойынша өзінің жеке сұрақтарын құрай алуын қадағалау; оқушының дербес түрде оқуына жағдай тудыру; сабақтағы мұғалім мен оқушының рөліне қайта, жаңа тұрғыда қарау.

Өмір бойы оқу, үйрену, іздену сияқты қасиеттер қазіргі таңда кез келген адамның қоғамдағы икемділігін, іскерлігін қамтамасыз етеді, оның жетістіктерге қол жеткізуіне және әлеуметтік жағынан қорғалуына негіз болып табылады. Яғни мектепте алынған білім, білік дағдыларын өмір бойы ары қарай толықтырып, дамытуға әр оқушы өзі ынталы болуы керек.

Осыған сәйкес біздер жаңа типті мектептердегі пән мұғалімдерінің төмендегідей жалпы педагогикалық іскерліктерді игеруін атап өту керек: педагогикалық қабілеттіліктің негізгі өзегі болып табылатын мұғалімнің балаларға деген ықыласы, оқушылармен қарым-қатынасы және олармен жұмыс жасауға деген қажеттілігі; оқушылардың жас ерекшеліктеріне негізделген білімді айқын, шамаға лайықтап беру және сөздік қабілеттілігі; жеке тұлғаның жағдайын, оның әлсіз байқалатын көңіл-күй ерекшеліктерін түсіну мен оқушының әлеміне ену бойынша педагогикалық байқағыштығы; оқушыға тікелей, эмоционалды ықпал етудегі қабілеттілігі, оларға берілген тапсырманы орындауға талап қоюдағы еріктік қабілеттілігі; әрбір оқушымен және оқушылар ұжымымен дұрыс өзара қатынасты орнатудағы коммуникативті қабілеттілігі. Оқушымен кез келген сәтте сөйлесуде педагогикалық тактіні игеруі; оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудағы ұйымдастырушылық қабілеті; мұғалімнің ұстамдылық және өзін игеру, ізденушілік т.б. жеке тұлғалық сапаны меңгеруі; өзінің сезімі мен көңіл-күйін басқару және оқушылардың оқу іс-әрекетінің жағымды психологиялық жағдайы үшін тиімділікті тудыру қабілеттілігі; өзінің әрекеттерінің нәтижесін көре білудегі педагогикалық елестете алуы; өзінің іс-әрекетін, сынып ұжымының және жекелеген оқушы жұмысын бір мезетте байқай алатын қабілеттілігі.

Шетел тілі пәнін оқыту барысында арнайы педагогикалық қабілеттіліктер мен сапаға зейін аудару қажет.

Шетел тілін меңгерту, оқыту, оған қызықтыру көп ізденіс пен шығармашылық еңбекті қажет етеді. Негізінен сабақ үстінде белгілі дағды мен қабілет қалыптастыру арқылы танымдық қызығу пайда болады. Оқу үдерісінде әр түрлі тәсілдер қолдану арқылы сабақты жаңаша әдіс-тәсілмен өткізіледі. Сабақта оқушының қызығу ынтасының төмендеуіне төмендегідей себептер әсер етеді: ойлау үрдісінде, миына көп салмақ түсіру; сабақты бір сарынды өткізу; жазба жұмыстарын мөлшерден тыс жиі жүргізу; нашар оқитын оқушыға көп көңіл бөліп, сабақты созып жіберу.

Ағылшын тілі пәнін оқыту барысында тақырып нақтыланып, студенттерге қойылатын талаптар айқындалды. Студенттерден пән бойынша тапсырмаларды шешу әдістемесін жоспарлауда, оны жүзеге асыруда белсенді жұмыс талап етілді, практикалық сабақ барысында іскерлік ойындар жүргізілді. Практикалық сабақ тұрғысында алған білім, дағды, іскерліктерін шыңдалады. Студенттердің жоғарыда аталған пән сабағынан меңгерген білімін, іскерлігін төмендегі мысал ретінде көрсетілген сабақта жалғасын табады.

Практикалық ағылшын тілі пәні. Тақырыбы: «Time»

Сабақты өтудің қысқаша әдістемесі.

Студенттер жұппен жұмыс жасайды. Олар кітапта берілген мақалдарды оқып, оларды қалай түсінетінін айтады. Өздерінің ана тілінде уақыт туралы мақал-мәтелдер айтып оларды ағылшын тіліне аударды.

1-тапсырма.

Look at these three sayings about time.

1. The one who is first to act achieves success (Chinese).
2. Time is the best doctor (Russian).
3. There is time for everything (Malawi).

How many sayings about time can you think in your own language?

2-тапсырма.

Берілген 8 мақалды оқып Сіздерге ұнайтынын таңдап, әңгіме құрыңыз. Неге сол мақалды таңдағандарыңызды түсіндіріңіздер деген тапсырма беріледі.

1. Never put till tomorrow what you can do today.
2. Better late than never.
3. There's no time like present.
4. Tomorrow never comes.
5. Today is tomorrow we worried about yesterday.
6. Time heals all wounds.
7. Time is money.
8. Time flies when you're having fun.

3-тапсырма.

Жұмыс топпен атқарылады. Олар мына сұрақтарға жауап беріп, қаншалықты пунктуальді екенін айтуы тиіс.

1. first date — бірінші кездесу.
2. an English Lesson — ағылшын тілі сабағы.

3. a job interview — жұмысқа орналасу.
 4. a wedding — той.
 5. a film — кино.
 6. a football match — футбол.
- 4-тапсырма.

Студенттер бөлек жұмыс істейді. Берілген сұрақтарға жауап беріп басқа студенттердің жауаптарымен салыстырады.

1. You have to attend a meeting which is scheduled to start at nine o'clock Do you arrive ...
 - a) exactly on time.
 - b) ten minutes late.
 - c) ten minutes earlier.
2. You've arranged to meet a friend in the centre of town. How long do you wait if your friend is late?
 - a) 5 minutes;
 - b) 15 minutes;
 - c) half an hour or more.
3. In your opinion a hard working person works ...
 - a) eight hours;
 - b) eight to ten hours a day;
 - c) twelve or more hours a day;

5-тапсырма.

Тыңдау.

Listen to the radio broadcast with Roberta Wilson, time management consultant, and Paul Roesch discussing the same questions. Note down what they say about each one. Do you agree with them?

6-тапсырма.

Оқытушы тақтаға бес күнді жазады. Мысалы: 10.07.78, 28.08.2000, 16.07.2003, студенттер сұрақтар қойып олар қандай күн екенін табу керек.

Бұл ойын оқытушыға студенттердің сұрақты дұрыс қоюын тексеруге мүмкіндік береді.

Сонымен, оқушының шаршауын сейілтп, қызығуын артыратын сабақ арасындағы ойын элементтері үлкен рөл атқарады. Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Сондай-ақ ойын оқушының сөйлеу қабілеті әрекетін тездетеді, танымын күшейтеді. Ойынды өткізудің психологиялық-дидактикалық талаптарын мұғалім есінен шығармауы керек. Осы тұрғыдан ойын оқушының жас ерекшелігі мен мүмкіншілігіне сай және тәрбиелік, дамытушылық мәні зор болуы тиіс.

Оқушылардың дайындық деңгейі мен мұғалімдердің педагогикалық қабілеттілігі (байқағыштығы, зейін аударуы т.б.) саралап оқытудың формасын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Олар бір бағдарлама және оқулық негізінде білім бергенде саралап оқытудың деңгейлік түрін қолдануға негіз болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. — Алматы: ЮРИСТ, 2003. — 180 б.
2. *Күлекеев Ж.* Тілдік қарым-қатынас мәдениет айнасы // Қазақстан мектебі. — 2004. — № 4. — 3–7-б.
3. *Ермахан Г.* Нравственное воспитание школьников посредством казахской народной педагогики на уроке иностранного языка // Бастауыш мектеп. — 2004. — № 2. — 32–34-б.
4. Описательная модель учителя труда — выпускника педвуза: Науч.-метод. рекомендации к разработке / Под ред. Ю.К.Васищева. — М.: Педагогика, 1990. — 50 с.